

Көкшетау қаласы бойынша шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2023 жылғы 18 мамырдағы № С-3/5 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 25 мамырда № 8572-03 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2023 жылғы 15 қыркүйектегі № С-6/6 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 15.09.2023 № С-6/6 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-10 тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы № 787 қаулысына сәйкес, Көкшетау қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Көкшетау қаласы бойынша туристерді орналастыру орындарында шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарнаның мөлшерлемелері - болу құнының 3 (үш) пайызы бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Көкшетау қалалық мәслихаты төрағасының
міндетін атқарушысы*

Н. Сейдалин